

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕАТР ҮРДІСІНДЕГІ МОНОСПЕКТАКЛЬДЕР

Асаубай Мағжан Бекжанұлы

Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы

19_maga_94@mail.ru

Аннотация

Мақалада Қазақстанның заманауи театр үрдісіндегі моноспектакльдерің сахналануы туралы талдаулар жүргізілген. Бүгінгі таңдағы моноспектакльдердің даму бағыты, актерлік ойынның ерекшелігі мен көрерменге әсері қарастырылған. Қазіргі таңда заманауи театр үрдісінде моноспектакль жиі сахналанып жүр, бұған үнемі өткізіліп тұратын халықаралық жеке қойылым фестивальдері, сонымен қатар, моноспектакль форматында жазылған спектакльдердің саны артып келе жатқаны дәлел бола алатыны мақалада сарапталады.

Кілт сөздер: моноспектакль, жалғыз актердің театры, режиссура, актер, сахна, қойылым, кейіпкер.

Кіріспе

Жеке қойылымда театр символизмі ерекше рөл атқарады. Бұрын сахнада бір актердің ойыны «шығармашылық» немесе «мәнерлеп оқу» деп аталды, бірақ мұндай кештер шағын көрермендер арасында өтті және көпшілікке арналмады. XVIII ғасырдың ортасында қазіргі заманғы моноспектакль – мелодекламацияны еске түсіретін жанр пайда болды, онда драмалық әртістер музыкалық сүйемелдеумен шығармаларды оқыған болатын. Жанрдың көрнекті өкілі болып В.Н. Яхонтовты айтсақ болады, ол бір актер театрының негізін қалаушы. Оның өнері ерекше, ол жаңа жанрды – оған дейін болмаған бір актер театрын құрды. Бұл жанр актер өнерінің, көркем сөздің және әдебиетті зерттеудің синтезі болды.

Әдістер

Мақаланы жазуда тарихи сабақтастық, салыстырмалы-сараптамалық, нысанға алынған спектакльге театртанушылық талдау және жүйелі зерттеу әдістері қолданылды.

Нәтижелер

«Театр сынсышының басты зерттеу нысаны – сахналық қойылымдар, режиссерлер ізденісі, актерлер шығармашылығы, жалпы театр өміріндегі жаңалық лебіне сергек қарап, бағыт-бағдарын айқындап «тереңнен қаза» білу» [1, 13 б.] – деп тұжырымдаған болатын. Заманауи театр үрдісіндегі моноспектакльдердің көркемдік сипаты мен құрылымы да тереңнен зерттеуді қажет ететіні белгілі. Қазіргі әлемде жеке қойылым ыңғайлы театр формасына айналып, экономикалық, әлеуметтік және шығармашылық жағдайда шағын команда толыққанды актерлік труппаға қарағанда ыңғайлырақ екені көрініп жүр. Бұл орыс және еуропалық театрларға ғана

емес, қазақ театрына да қатысты. Егер қазақ театрында моноспектакль көбінесе актер мен режиссердің шығармашылық көрінісі үшін жеке алаңға айналса, бір актер театры ең алдымен қазақ театрында қойылған қиын жағдайларда ең тиімді экономикалық қадам болып табылады. Бір актерге арналған спектакль репетицияға арналған бөлме мәселесін шешудің бір тәсілі болады, өйткені оның бір немесе екі қатысушыға театр залының қажеті жоқ. Сонымен қатар, жеке қойылымды көрсету үшін камералық залға артықшылық беріледі, бұл да экономикалық жағынан тиімді. Екінші жағынан, моноспектакль қандай да бір актерлердің жеке шеберлігін айқын көрсететін қойылым бола отырып, сахнада әрбір көрерменмен жеке тілдескен кейіпкер рөлін сомдайды. Бұл да мәселені шешудің жақсы нұсқасы болуы мүмкін: себебі, тәуелсіз актерлік ойын психологиясы қойылымға еркіндік береді. Сол себепті, қазіргі таңда ерекше дамып отырған қазақ театрындағы бір құбылыс – моноспектакльдердің сахналануы мен зерттелуі өзекті мәселеге айналып отыр.

Бір актердің қазіргі заманғы театрының танымал өкілдері: Е.В. Гришковец және оның «Мен итті қалай жедім» (1998), 2004 жылы көрермен режиссер В.Б. Пазидің «Оскар және қызғылт ханым. Құдайға арналған он төрт хат», басты рөлді Элис Фрейндлих ойнады, 2006 жылы неміс жазушысы және сценаристі Патрик Зюскендтің «Контрабас» монолога үлкен танымалдыққа ие болды. 2000 жылы басты рөлді Константин Райкин сомдады, К.Ю. Чехов Хабенскийдің орындауындағы Г.Черепановтың «Контрабастың» жаңа нұсқасының премьерасын өткізді. 2008 жылы «1900» жеке қойылымы жарық көрді, режиссер және орындаушы – О.Е. Меньшиков болды.

1997 жылдан бастап, екі жылда бір рет Санкт-Петербургте «Монокль» моноспектакльдерінің халықаралық фестивалі өткізіле бастады. 2008 жылдан бастап Мәскеуде SOLO Мәскеу халықаралық жеке қойылымдар фестивалі өтіп келеді. Жеке қойылымда, әдетте, драмалық сюжет басымырақ. «Моно» жанрындағы қойылымның мәні мен мазмұны әдеттегі спектакль әртістеріне қарағанда әлдеқайда жоғары, сонымен қатар көп еңбекті талап етеді.

Қазіргі таңда Қазақстан театрларының сахнасында бірқатар моноспектакльдер орын алып, көрерменнің ықыласына бөленіп келеді. Атап айтатын болсақ, М.Лермонтов атындағы мемлекеттік орыс академиялық драма театрының актрисасы М.Покровскаяның сомдаған «Мой маленький Оскар», Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ академиялық жасөспірімдер театрында қойылған Антуан де Сент-Экзюперидің «Кішкентай ханзада», Ерлан Кәрібаевтің режиссерлігімен «Ол», Қ.Қуанышбаев атындағы театр актері Н.Өтеуілов сомдаған «Абай», М.Әуезов атындағы академиялық театрында сахналанған «Ұлым, саған айтам» моноспектакльдерін айтуға болады.

«Моноспектакльді жасап шығару басқа спектакльдерге қарағанда өз қиындығын ала келетіндігі белгілі. Қойылым бойы сахнада жалғыз актерге күш түсетіндігін ескерсек, әр сөзімен, әрекетімен кейіпкерінің оқиғасын жеткізу, кез келген орындаушының қолынан келмейді» [2, 22 б.] - деген

тұжырымды ескерсек, моноспектальде бар салмақ жалғыз актердің шеберлігіне жүктелетіні сөзсіз.

«Жас әртістер қазақ сахнасына инновациялық қойылымдарды шағаруда әртүрлі қырынан келіп, өз шамаларын сынауда. Солардың білі – «Ол» моноқойылымы. «Ол» Ғ.Мүсірепов атындағы жастар мен жасөспірімдер театрының сахнасында Ерлан Кәрібаевтің режиссерлігімен сахналанды. Драматург Ермек Аманшаевтың «Үзілген бесік жыры» психологиялық драмасының желісі бойынша қойған режиссер шығармаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы, бір сағатқа жуық уақыт ішінде бас аяғы жұмыр дүниені ұсына білді» [2, 20 б.] - деп жазылған болатын. Қойылымда ақынның атын анық берілмеген оны тек «Ол» деп белгілеген, рөлді сомдаушы актер – Дарияр Базарқұлов. Жолы болмаған ақынның өмірден өз орнын ізеп аласұрған кейпі, көрермен жүгерінен ішкі толғанысына жол тартады. Актер ойынын тамашалап қана қоймай әрбір көрермен өз тағдырына алаңдайды.

Бүгінде Қазақстандық сахнагерлер де әртүрлі театрлық формаларды дамытып, тәжірибе жасап келеді. Бір-біріне ұқсамауды қалайтын жеке ұжымдар елімізде жаңаша театрлық тілдің қалыптасуына ықпал ете отырып, ерекше қойылымдарын танытып жүр. Қазіргі кезде көрерменнің моноспектакльдерге деген қызығушылығы күннен күнге артып отыр. Түрлі театр фестивальдерінде дәстүрлі сахна қойылымдарымен қатар шағын топтық қойылымдарға бәсекелестік тудырып отыр.

Мұның бәрі моноспектакльдердің ерекше спецификасымен, яғни қоғамның көңіл-күйі мен уақыт үдерістеріне сәйкес келуімен айқындалады деп айтуға негіз болады. Аталмыш жанрдың қарқынды дамуы персонализм идеясымен параллельді түрде, «жалғыз актердың театры» идеясы негізінде адамды түсіну, оны әлемнің негізі ретінде алуында болып отыр.

«Моноспектакль – актердың көркемдік шығармашылығының шыңы»- деген Р.Колосовтың тұжырымдамасына сүйенсек, қазіргі кезде моноспектакль экономикалық, әлеуметтік және шығармашылық жағдайында эргономикалық толыққанды актерлік топтың ыңғайлы театралды формасы болып табылады деуге болады.

Тәуелсіздік дәуірінде мәдениеттің басқа да салалары сияқты театр өнеріде жаңғырып, жандану үстінде. Шығармашылықта үздіксіз ізденістің нәтижесінде қазіргі таңда елімізде бірқатар моноспектакльдер сахналанып, көрерменнің, театртанушылар мен театр өнерін зерттеуші мамандардың қызығушылықтарын оятып отыр.

Моноспекталь – жаңа формат, жаңа үлгі ретінде біздің де зеттеу тақырыбымыздың өзекті мәселесіне айналып отыр.

Марианна Покровскаяның «Мой маленький Оскар» моноспектаклі. Эрик-Эмамануэль Шмиттің «Оскар и Розовая дама» атты романының желісімен жасалған туынды. Француз жазушысы Э.-Э. Шмиттің бұл романы бойынша қойылған спектакльдер де, кинофильм де бар. Сондықтан режиссер, әрі бас кейіпкерді сомдаушы М.Покровская өз шындығын табуды мақсат еткен. Романның негізгі оқиға желісі 10 жасар

Оскар деген кішкентай баланың обыр ауруына шалдыққандықтан өз өмірін, тіпті, дәрігерлердің сақтап қала алмайтынын біліп, аурухана күтушісі Розовая даманың ұсынысымен Жаратқанға хат жолдаумен (Оскардың ішікі монологтары десе де болады) өрбіп отырады. Ол өзін таныстырып, оқиғаны баяндайды. «Жаратқанға жазылған» хаттардың тізбегі құлаш-құлаш монологтармен өрілген. Актриса рольді орындау барысында жас баланың қылығына тән барлық эмоцияны: ұялу, бұртию, еркелеу, қуану, күлу, жылау-жабырқау, қорқу т.б. сынды сезімдер спектрін және ісәрекеттерді: жүгіру, секіру, аяқпен жер тепкілеу, басын қасу, тізесін құшақтап отыру, т.б. қимыл-қозғалыстарды тиімді пайдаланады[3, 92 б].

А.Мамиров режиссерлік еткен «Ұлым, саған айтам» туындысының басты ерекшелігі – сахнада екі актердің, әке мен баланың өнер көрсетуі болды. Моноспектакль әке мен баланың басынан өткен шым-шытырық оқиғаларға құрылған.

«Драмалық актердің сахналық шынайылыққа жету жолдары сан-киилекенін бүгінгі театрлық үдеріс байқатып отыр. Бірі замандастарға арналған пьесаларды сахналау арқылы қолжеткізсе, келесілері моноспектакльдер арқылы көркемдіктің биігіне құлаш ұрды. Қазақстандық актерлардың осы жолдағы ізденісі найшықтайтын жарқын қойылымдары баршылық. Моноспектакль де өнер көрсету арқылы актерлер қауымының өздерін алаңдатқан мәселелерді көрерменмен бөлісуге мүмкіндік ала отырып, шығармашылықтарының жаңа қырын ұштап отырғанына көзжеткіздік» [4]. Моноспектакль форматында сахналанған қойылымның бейнелік шешімі – сценографиялық безендірілуі жанр табиғатына сай шыққан. Қойылымның жекелеген монологтарға құрылып, кейіпкер мінездерінің диалектикалық даму үстінде көрсетілмеуі рөл орындаушыларды жаңаша ойын тәсілін қолдануға итермелейді. Сондықтан әрбір орындаушы өз кейіпкеріне терең бойлап, ішкі сырын, сыртқы сымбатымен үйлестіре біліп, режиссер талабының өресінен шыққан.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Қазақстанның заманауи театр үрдісіндегі моноспектакльдер жаңа театрлық форма ретінде ұсынылып келеді. Қазіргі таңда Қазақстан театрларының сахнасында бірқатар моноспектакльдер орын алып, көрерменнің ықыласына бөленіп жүргені де белгілі. Атап айтатын болсақ, М.Лермонтов атындағы мемлекеттік орыс академиялық драма театрының актрисасы М.Покровскаяның сомдаған «Мой маленький Оскар», Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ академиялық жасөспірімдер театрында қойылған Антуан де Сент-Экзюперидің «Кішкентай ханзада». Сонымен қатар, жоғарыда талдауға алынған Ерлан Кәрібаевтің режиссерлігімен сахналанған «Ол» моно-қойылымы. Қ.Қуанышбаев атындағы театр актері Н.Өтеуілов сомдаған «Абай», М.Әуезов атындағы академиялық театрында сахналанған «Ұлым, саған айтам» моноспектакльдерін де ерекше атап өтуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бағыбек Құндақбайұлы. – Алматы: ЖШС «Жедел басу баспаханасы», 2010, 206 б.
2. ХХІ ғасырдағы қазақ театры: дәстүр және инновация. Ұжымдық монография. – Алматы: Print Express, 2017. – 340 б.
3. Қазақ сахна өнері. Тәуелсіздік кезеңі. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. – 488 б.
4. Болдықов Ж. Заманауи театрлық формалар контекстіндегі Қазақстан актерлік өнерінің даму жолдары. Өнертану (PhD) академиялық дәр... диссертация. – Алматы: 2019, 129 б.